

## Алматы қаласының Фурманов көшесін қайта атау туралы

Бірлескен Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 4/493 қаулысы және VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIV сессиясының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 175 шешімі. Алматы қаласы әділет департаментінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда № 1430 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13-бабына сәйкес, Алматы қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қарашадағы қорытындыларының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Алматы қаласы Медеу, Бостандық, Алмалы, Жетісу аудандарындағы Фурманов көшесі Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы болып қайта аталсын.

2. Алматы қаласы Медеу, Бостандық, Алмалы, Жетісу аудандарының әкімдері, "Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы", "Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы", "Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемелері осы қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Алматы қаласы мәслихатының аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулы мен шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында және интернет-ресурста, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қырықбаевқа жүктелсін (келісім бойынша).

5. Осы "Алматы қаласының Фурманов көшесін қайта атау туралы" Алматы қаласы әкімдігінің қаулысы және мәслихатының шешімі әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*

*VI сайланған*

*Алматы қаласы мәслихаты*

*М. Әзірбаев*

*XXIV сессиясының төрағасы*

*VI сайланған Алматы қаласы  
мәслихатының хатшысы*

*Қ. Қазанбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК